

Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 қазандағы № 861 қаулысы

Тәжікстан Республикасындағы қолайсыз табиғи-климаттық жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар броньнан шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны анықтасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі ізгілік жүкті Тәжікстан Республикасының межелі пунктіне дейін тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика, Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2015

жылғы

29

қазандағы

№

861

қаулысына

қосымша

Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтар тізбесі

Р / с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	Өсімдік майы	литр	500 000
2	Ет консервілері	физикалық банка	10 791
3	Қант	килограмм	192 005,20
4	Күріш жармасы	тонна	400

5	Сүт консервілері	физикалық банка	400 000
6	Сары май	тонна	70
7	Диаметрі 12 мм металл илегі	тонна	800
8	Металл шифер	тонна	39

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК